

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 57 "Республикалық деңгейде табиғат қорғау объектілерін салуға және қайта құруға қатысу" бағдарламасы бойынша 2001 жылы республикалық бюджеттен қаржыландыруға жататын табиғат қорғау объектілерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 сәуір N 532

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 Р001950_ қаулысы 11-тармағының 2-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар

және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 57 "Республикалық деңгейде табиғат қорғау объектілерін салуға және қайта құруға қатысу" бағдарламасы бойынша 2001 жылы республикалық бюджеттен қаржыландыруға жататын табиғат қорғау объектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 20 сәуірдегі
N 532 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және
қоршаған ортаны қорғау министрлігінің
57 "Республикалық деңгейде табиғат қорғау объектілерін салуға
және қайта құруға қатысу" бағдарламасы бойынша 2001 жылы
республикалық бюджеттен қаржыландыруға жататын табиғат
қорғау объектілерінің тізбесі

млн. теңге

N ! Табиғат қорғау объектісінің атаяу

! Жоспар

1. Воробьев-Қотыркөл көріздік қашыртқысын салуға қатысу (Ақмола облысы)	60,0
2. Семей қаласының құрамында керосин бар жерасты суларын тазарту жөніндегі құрылғыны салуға қатысу (Шығыс Қазақстан облысы)	20,0
3. Қопа көлін табан шөгінді балшығын атмосфералық ауамен байыту технологиясымен тазарту (Ақмола облысы)	10,0
4. Өскемен қаласында көріздік тазарту құрылышын салуға қатысу (Шығыс Қазақстан облысы)	50,0
5. Семей қаласында көріздік тазарту құрылышын салуға қатысу (Шығыс Қазақстан облысы)	50,0
6. "Қошқарата" қалдық қоймасының радиоактивті залауданған аландарын көмуге қатысу (Манғыстау облысы)	10,0
7. Қопа көлінің жағалау аймағы бойында қоршау тазартқыш құрылғысын салу (Ақмола облысы)	20,0
8. Қызылорда қаласында биологиялық тазарту станциясын салуға қатысу (Қызылорда облысы)	20,0
9. "Сарытас" АҚ-ын консервациялау жөніндегі іс-шараларды аяқтауға қатысу (Жамбыл облысы)	10,0
10. Көкшетау өнеркәсіптік су құбырын қайта жаңарту және Щучинск қаласына дейінгі участкесін салу (Ақмола облысы)	50,0
Жиыны	300,0

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Жұманазарова А.Б.

"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК